



ҚР Ғылым және жоғары
білім министрлігі



М.О. Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институты



*Майдангер қаламгер, детектив жанрының негізін салушы
Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына арналған*

**«КЕМЕЛ ТОҚАЕВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТЕГІ
ДЕТЕКТИВ ЖАНРЫ»**

*атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары,
4 қазан, 2023 жыл*

АЛМАТЫ

2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Майдангер қаламгер, детектив жанрының негізін салушы Кемел
Тоқаевтың 100 жылдығына арналған

**«КЕМЕЛ ТОҚАЕВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТЕГІ ДЕТЕКТИВ
ЖАНРЫ»**

атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары,
4 қазан, 2023 жыл

АЛМАТЫ

2023

ҚР ҒЖБМ Ғылыми комитеті М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған.

Жауапты редактор:

Орда Г.Ж.

Жауапты шығарушы:

Құдайбергенов Н., PhD

Кемел тоқаев және ұлттық әдебиеттегі детектив жанры: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: 2023. – 122 бет.

Жинақта майдангер қаламгер, детектив жанрының негізін салушы Кемел Тоқаевтың өмірі мен шығармашылығы жан-жақты сөз болады. Әдебиеттанушы ғалымдар жазушының детективті шығармаларын ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдайды. Сонымен қатар, жинақта жазушының азаматтық болмысы туралы естеліктер енгізілген.

Жинақ филология факультетінің студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға және әдебиет сүйер жалпы қауымға арналған.

ISBN 978-601-230-127-4

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

К29

**Гүлжаһан ОРДА, М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты Тәуелсіздік дәуіріндегі
әдебиет және көркем публицистика бөлімінің
меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы.**

«ӘЛЕУМЕТ БІЗДІ ЖОҒАЛТҚАНЫМЕН, ӘДЕБИЕТ БІЗДІ ЖОҒАЛТПАСА КЕРЕК»

Елуінші жылдары Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін, әдебиетте Бауыржан Момышұлы, Әди Шәріпов, Қасым Қайсенов, Тоқтағали Жанкелдин, Кемел Тоқаев, Әбу Сәрсенбаев, Сәуірбек Бақберген, Сағынғали Сейітов, Сәду Машақов, Дихан Әбілев, Әзілхан Нұршайықов және тағы басқа от пен оқтың арасынан аман келген бір топ ақын-жазушылар қазақ әдебиетіне соғыс шындығын алып келді. Қаламгерлер ұлттық әдебиетті партизан соқпақтары, жау тылындағы өмір үшін күрес, кеңес жауынгерлерінің Отанды жаудан қорғаудағы көзсіз ерліктеріне толы шығармалармен байытты. Қазақ әдебиетіне мазмұндық, түрлік жаңалық алып келген қаламгердің бірі – майдангер жазушы, детектив жанрының негізін қалаушы Кемел Тоқаев.

XX ғасыр әдебиеті ұлттық әдебиеттің тарихында «Алтын ғасыр» атануымен ерекшеленеді. Қазақтың ақын-жазушылары кеңестік дәуірдің идеологиялық қысымына төтеп бере отырып, әдебиеттің мазмұны мен түрін байытты. Алғашында «Ленинші жас» газетінде бөлім бастығы, одан «Қазақстан пионері» газетінің бас редакторы қызметін атқарып төселген Кемел Тоқаев еліміздің бас газеті «Социалистік Қазақстанда» («Егемен Қазақстан») жауапты хатшы, Қазақ ССР Жоғарғы Совет Президиумының «Жаршысында» бас редактор, Жазушылар одағында әдеби хатшы қызметтерін атқарды. Осындай қыруар шаруалармен айналыса жүріп қазақ әдебиетінің қоржынына мол олжа салды.

Жазушының өмірбаянына қарап отырсаңыз, XX ғасырдағы аумалы-төкпелі кезеңде өмір сүре отырып, сол дәуірдің шындығын әдебиетке алып келуімен ерекшеленеді. «Шығарма жазу үшін өмірді білу керек. Ал білген өмірді өрнектеп, қағазға түсіру үшін уақыт керек» деген жазушының «Солдат

соғысқа кетті» романы автобиографиялық үлгіде жазылғандықтан, оның бүкіл жүріп өткен жолын осы шығармадан көруге болады. Майдан даласындағы солдат күнделігімен өрбитін оқиғалардың басты кейіпкерінің бірі – романда фамилиясымен аталатын Мейірманов, екіншісі – Мұхамед. Автор бұл романын Ұлы Отан соғысында 22 жасында ерлікпен қаза тапқан ағасы, политрук Қасым Болтаевқа арнаған.

Кемел Тоқаев танк полкімен Белоруссия, Украина, Польша майдандарымен бірге Сталинград қаласын қорғауға қатысқан. Бұл полктің Белоруссия, Украина, Польша, Сталинградты жаудан азат етуде Т-34 танкі «катюша»-мен бірдей бағаланғаны тарихтан мәлім. Көпұлтты полк құрамында орыс, украин, татар, өзбектермен бірге екі қазақ солдаты болған. Романдағы екі қазақ жігіті – осы полктің жауынгерлері. «Солдат күнделігінің» иесі Мұхамедтің прототипі – жазушы Кемел Тоқаев.

Өзімен бірге оқып, жарты ғасырдан аса жұбы ажырамаған досы Амантай Байтанаев Кемелдің балалық шағы Түркістандағы жетімдерге пана болған балалар үйінде өткенін, Шымкент қорғасын зауыты жанындағы қазақ, орыс мектебінің 1939-1940 оқу жылында ашылған оныншы сыныбына өзімен қатар бір топ балалармен бірге келгенін «Тоғысқан тағдыр» естелігінде айта отырып: «Кемел жолдасын жолда қалдырмайтын, бір үзім нанды бөліп жейтін кемел кісі еді», – деген болатын[1, 232]. Ол осы кемелдігін майдан даласында да көрсетті.

Роман оқиғасы 1942 жылдың 24 тамызынан басталады. Әскери училищенің лейтенант атағын алу үшін емтихан тапсыруға дайындалып жатқан курсанттарды түн ішінде оятып майдан даласына аттандыруымен басталады. Бұл топқа 1942 жылдың 27 тамызында Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс станциясында Алматы, Ашхабад, Ташкент училищелерінде оқитын курсанттар қосылады. Осылайша, Кеңес Одағы құрамындағы елдің азаматтары батысқа қарай бет түзейді. Мейірманов пен Мұхамед атқыштар дивизиясының бір взводындағы екі бөлімшенің командирі болып тағайындалады. Бір вагон ішінде кетіп бара жатқан түрлі кәсіп иелерінің сөздеріне қарап, олардың соғыстан хабары жоқ екенін аңғарасың. Мұхамедтің әңгімесіне оның өмір жолы негіз болған. Отызыншы жылдардағы қазақ жерін жайлаған ашаршылықтан қашып Пішпекке жақын кендір егетін шаруашылықта жұмыс істеген Өте мен Тоқа отбасының трагедиясы, Қасым мен Кемелдің балалар үйіне түсуі, қарындасы мен анасының қайғылы өлімі, әкесінің өзенге ағып кетуі, ағасы Қасымның 1942 жылдың ақпанында майданда қаза табуынан бір әулеттің басынан өткен қасіреттен хабардар болсақ, бұл сол тұстағы қазақ трагедиясы еді.

Майдан даласына жетпей түн ішінде басқыншылар эшолонды бомбалап, вагон ішіндегілер жапа тармағай далаға қашқанда қазақ жауынгерлерінің қарсылық танытуы – олардың ержүректігін көрсетеді. Атқыштар дивизиясының екі жауынгері – Мейірманов пен Мұхамедтің жау самолетіне атқан алғашқы оғы далаға кетпей, неміс ұшқышын өлтіріп, бір самолетті істен шығарады. Бұлардың ерлігін жүгері ішіне тығылған Власовтың иемденбек

болуы, Сергеевтің ақиқатты мойындауы, жауынгерлердің мылтығында бір-бірден ғана оқ болуынан майдан даласының шындығы байқалады. 1942 жылдың 6 қазанында жазылған солдат күнделігіндегі «Күні бойы тырбанып окоп қазады. Тамақ тапшы. Күндік норма – жарты котелок ботқа, төрт сухари, екі шақпақ қант. Эшолонды бомбалағанда мол запас жойылып кетсе керек» деген жазбадан соғыс шындығын көреміз. Осылайша жазушы күнделікке түскен жазбаларға жан бітіріп, кеңес жауынгерлерінің тозақ отын кешіп келгенін шынайы бейнелеген. Соғыс кезінде сатқындық пен аярлықтың, қызғаншақтық пен көре алмаушылықтың болғанын жеке кейіпкерлер болмысымен көрсетті.

Жазушы соғыс даласын былай суреттейді: «Бұрышта бет-аузын қалың тікенек сақал-мұрт басқан, пилоткасын төбесіне жарбита киген біреу отыр. Түрінен кісі шошиды. Бір жақ көзі ағып түскен бе, бармақтай аппақ жұмыр нәрсе бар. Шекеден аққан қан бетін, омырауын шайып кеткен. Шинельдің жағасы қара сірне. Қан қатқан кірпігі әрең қимылдайды. Оң қолына гранатаны қысып ұстап алған. Оның желке тұсында, суық окоптың қабырғасында өлген адамның екі аяғы салбырап тұр. Басы, кеудесі шынжыр табанның астында шаншылып қалған» [2, 64]. Бұл – қолына шығыршығы ағытылған соңғы гранатаны ұстап, артынан көмек жеткенше тірі қалған жалғыз жауынгер Иван Иванов болса, шынжыр табанды тоқтатып, өзі соның астында қалған қазақ жігіті Исаев еді. Майдан даласына жеткен Мұхамед бөлімшесінің 0,85 биіктіктегі бекіністен көргені – осы. Бірнеше күн бойы қара мылтық (ПТР 1), қол-гранатамен немістерді тойтарып, бекіністі ұстап тұру бөлімшеге оңай болмағанын санаулы оқ-дәрімен қалғандардың бораған оқ астында өлген немістердің автоматы мен оқ-дәрісін жиғаны мен бір фляктан қалған соңғы бір кесе суды жаралыларға екі қасықтан бергенінен көруге болады.

Сталинград түбіндегі блиндажда жатқан Мейірмановтың адам сенгісіз құпия жағдайда қаза тапқаны ешкімге күдік туғызбағанмен, Мұхаммедтің оның артында жатқан қылмысқа үнілуі оның шебер барлаушы, кәсіби із кесуші екенін аңғартады. «Мұхаммедтің айтқаны дәл келді. Сталинград түбіндегі осы оқиғадан кейін екі жыл өткен соң Мұхаммед командованиенің ерекше тапсырмасын орындау кезінде, Польша жерінде Ломда қаласының түбінде Мейірмановты өлтірген жаудың жансызымын бетпе-бет кездесті...» [2, 95].

Басқыншылар «қара орыс» деп қабылдаған азиат жігітті неміс мергені 1944 жылы танкінің үстінде отырған жерінен атып түсіреді. Қансырап қалған солдатқа санитаркалар алғашқы көмек көрсетіп, өлімнен арашалап алады. Аяғын шашылған тізесінен кесіп тастау қаупі туғанда медицинаға келген жаңа эксперименттің арқасында кестірмей ұзақ уақыт емделіп, 2-топтағы мүгедек болып елге қайтарылады.

Жазушы шығармаларының барлығы дерлік дерекке құрылғандығының бір мысалы – автобиографияға негізделген «Солдат соғысқа кетті» мемуарлық романында солдат күнделігіндегі әр күнді таратып жазуда жер-су атаулары мен кісі есімдерінің сол қалпында берілуі. Екінші мысал – партизан жазушы Қасым Қайсенов туралы жазу үшін Украинаға кезекті Жеңіс күні қарсаңында

соғыс ардагерлерімен кездесуге бара жатқанда бірге барып, партизандар жүріп өткен жерді көруі. Бұл сапарда Украин ормандарының жазық даласындағы атыс-шабыс болған жерлерді көріп материал жинаған ол Карпат тауындағы қанды қырғын шайқас болған жерді көре алмай қайтады. Дегенмен, көп ұзамай жазылған «Арнаулы тапсырма» повесі осы сапардан туғанын ондағы адам, жер, село, қала аттарының өзгеріссіз берілгенінен партизан жазушы Қасым Қайсенов «Кемел шағында еді» естелігінде айтқан екен [1, 197]. Үшінші мысал – әдебиет сыншылары «қазақ әдебиетіндегі тұңғыш детектив роман деп таныған «Соңғы соққы» романындағы облыстық, ЧК басшылығы мен Жаркент уездік милициясында жүрген жиырмашақты нұсқау мен телеграмма сырының ашылуы. Осындай нақтылық пен деректілікті әр шығармасынан келтіруге болады.

Қалмұқан Исабаев «Әрқашан озып жүрді» естелігінде: «Кеңес Одағы жылдарында, әсіресе Қазақстанда, жылына бір автордан бір шығармадан артық жарияланбауы жөнінде қатаң ұсталған тәртіп те болған. Осы тәртіптің тек Тоқаевқа ғана жүрмегені «Қыс қарлығашы», «Көмескі із» повестері 1955, «Тасқын» және «Көмескі із» повестері 1958, «Түнде атылған оқ», «Қастандық» повестері 1971, тағы да «Көмескі із», «Қастандық», «Түнде атылған оқ» повестері 1972 және 1975 жылдары жеке кітап болып шыққанынан көреміз» [1, 242], – деген болатын. Осы ойды майдангер жазушы Ә.Нұршайықов «Дос қолтаңбасы» естелік-этиюдінде былай жалғайды: «Оқырмандардың өтініші бойынша Кемелдің кейбір кітаптары үш-төрт реттен қайталанып басылып отырды. Мәселен, оның «Көмескі із» повесі 4 рет (1955, 1958, 1972, 1975), «Қастандық» повесі 4 рет (1971, 1972, 1975, 1976), ал, «Арнаулы тапсырма» повесі 3 рет (1965, 1968 және 1976) қайта басылып, оқырмандардың сүйікті шығармаларына айналды» [1, 219]. Осының өзінен жазушы шығармаларына деген сұраныстың көп болғанын байқаймыз. Сонымен бірге бұл шығармалардың көпшілігінде кеңес милиционерлерінің өмірден алынған ерен еңбегі шынайы бейнеленген болатын. Осы жөнінде Баспа комитетінде қызмет істеген Ш.Елеукунов «Аты да, таланты да Кемел» деген естелігінде Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақ ССР Ішкі Істер министрлігі кеңес милициясы мен чекистерге арналған шығармаларға жабық бәйге жариялағанда төрт жыл қатарынан 1-бәйгені К.Тоқаев шығармалары алғанын тілге тиек ете келіп: «Және детектив жанрына шеберленіп алған жазушының «Көмескі із», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Арнаулы тапсырма» повестері кітап сөрелерінде шаң қауып жатпай тез арада өтіп кететіндігінен, баспа орындары пайда табу мақсатында әлденеше рет қайта басып шығаратынын білетінмін» [1, 246], – деген болатын. Аталған жабық бәйгенің құрамында болған Қ.Исабай жылда қазақ жазушысының бірінші бәйге алғаны үлкен дау туғызғаны жөнінде өз естелігінде айтқан болатын. Жазушы Жоғарғы Кеңсе президиумының аппаратында қызмет етіп жүргенде, бос уақыты мен демалыс күндерін Ішкі Істер министрлігі мен Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің архивтерінде өткізетіндігін Қасым-Жомарт Кемелұлы «Әке туралы толғаныс» естелігінде айта келіп, «Жаңа кітапты жазуды бастамас бұрын, ол ПМ және МҚК

мұрағаттарынан алынған көптеген материалдарды түбегейлі зерттейтін еді... Ал мұның өте күрделі әрі азапты жұмыс екеніне мен Мемлекеттік мұрағатқа барғанда көзім жетті. Ондағы К.Тоқаевтың жеке қорындағы кітаптардың қолжазбалары, МҚК мен ІМ құпия мұрағаттарынан алынған көшірмелер жазылған қойын дәптерлері жиналған 10 папка таптым» [1, 144-145], – дейді. Осы мысалдан-ақ жазушының еңбекқорлығы көрінеді.

Шытырман оқиғаға құрылған «Ұясынан безген құс» романында бүгінгі таңда жиі айтылып жүрген сыбайлас жемқорлық, ар-ождан, қулық пен сұмдық мәселелері көтерілген. Жазушы замандастарының бойындағы алуан қасиеттерге үңіле отырып, шындық пен әділдіктің жеңетінін, «Өтіріктің құйрығы – бір ақ тұтам» екенін нақты кейіпкерлер бойындағы адамгершілік, ар-иман қасиеттерімен көрсеткен. Сондықтан да оның кейіпкерлерінің басым көпшілігі Абай айтқан бес асылды бойына жинақтаған «толық адам» болып келеді. Әке тәрбиесін алған Қасым-Жомарт Тоқаевтың да Абай ілімін үнемі тілге тиек ететіні осыдан болса керек.

Жазушының «Тасқын», «Көшкен үйдің қонысы қайда?», «Көмескі із», «Арнаулы тапсырма», «Қастандық», «Түнде атылған оқ» сияқты тартымды повестері мен әңгімелері әдеби қауымнан жоғары баға алғаны әр жылдарда жазылған мақалалар мен сын-рецензиялардан белгілі. Үстіміздегі жылы «Қазақстанская правда» газетіндегі Зейнеп Базарбаеваның «Слово о писателе и человеке» деген мақаласында жазушының шығармашылығынан бөлек «Кемел адам» екендігі отбасымен жақын араласқан жақын досы Мүсілім Базарбаев қызының естеліктерімен баяндалса, Қансейіт Әбдесұлы «Қазақ әдебиеті» газетіндегі «Шынай өмірден тамыр тартқан туындылар» атты мақаласында майдангер жазушының әскери тақырыптағы прозасы туралы кеңінен қауадады. Д.Байтұрсынұлы жазушының детектив әңгімелерін сөз ету арқылы балалар әдебиетіне қосқан үлесін саралады. Мерзімді басылым беттерінде жарияланған түрлі мақалалар майдангер қаламгердің сан қырын ашқаны оқырманға белгілі.

«Сарғабанда болған оқиға», «Көшкен үйдің қонысы қайда?», «Таудағы жаңғырық» повестеріне Ұлы отан соғысы жылдарындағы майданнан қашқан қашқындардың ел ішіндегі қанішерлігі, соғыстан кейінгі жылдардағы кеңес өкіметі жауларының отанға, елге жеке адамдарға жасаған қастандықтары, бейбіт өмірдегі қылмыскерлер арқау болған.

Аталған повестердің шиыршық атқан оқиғасы шарықтау шегінен басталады да, жазушы сол оқиғадан хабар беру үшін лирикалық шегініс жасайды. Мәселен, «Сарғабанда болған оқиға» повесі «Е, жаратқан. Жалғызымның жанын сақтай гөр! Дүние қызығын көрмей өткен сорлы пенденді аясаңшы. Жиырма жыл бойы мәпелеп өсірген бақытым, үмітім емес пе еді. Менің көрген азабым аз ба? Жақсылығыңды менен аясаң, бар жамандығыңды мен бейбақтың басына үйе бер. Тек жалғызымның жанын қалдыр!» – деп зембілдің жақтауын саусағымен демеп келе жатқан Сәндібала ананың зарлы даусымен басталады [3, 16]. Оқырманды осылай оқиғаға еліктіріп отыру – жазушы шығармаларының негізгі ерекшелігі. Бестөбе

қаласындағы ауруханаға жедел жәрдеммен жеткізілген Рахым бас дәрігер Цойды көргенде түрі бір бозарып, бір сұрланып шыға келеді. Талықсып жатып бір есін жиғанда анасына:

«– Ма-а-ма, бұған сенбеңіз....

– Қалқам, не дедің?

– Мені жәбірлеген осы...» – деп айтуға ғана шамасы келген ол операция столына жетпей жан тапсырады.

Далада қой бағып жүрген Рахымның адам қолынан қастандықпен өлуі, оның кімді айтып тұрғаны белгісіз болғандықтан, соңғы сөзін естігендер қасында болған ағайыны, араққа әуес соғыс ардагері, мүгедек Рысбектен көреді.

Соғыстан кейінгі жылдардағы бір әулеттің жібін жалғап отырған соқталдай азаматты пышақтап кеткен жауыздарды іздеуді милиция майоры Әлихан Ділдәбеков капитан Талғат Майлыбаевқа тапсырады. Міне, осындай қасіретпен басталған қылмысты ашуға кіріскен капитан із кесу барысында өзінің қырағылығымен танылады.

Негізгі оқиғамен бірге жанама оқиғалар қоса суреттелген, соның бірі – аурухана қоймасына жасалған ұрлық. Аурухана қоймасынан ұрланған заттардың Аида Глухованың кілетінен табылуынан күдіктенген капитан мұны қылмысты бүркеудің өрескел түрі деп түсінеді. Сондықтан жаңбыр жауып тұрғанда қоймаға түскен әйел туфлиінен қабырғаға қара күйе із түсуі де ақылға сыймайды. Оны кейіпкерлердің мына диалогы растайды:

«– Сонда қабырғадағы туфлидің таңбасы қайдан келген? – деді Нұржан Талғаттың сөзін бөліп.

– Мен де соны айтайын деп едім. Қойманы тонаушы ұрыны әйел етіп көрсету үшін туфлиді қолына кигізіп, бар күшімен қабырғаға басқан. Таңбаға қарағанда мұны жасап жүрген адам мол күштің иесі емес, әлжуаз әлсіз жан, бойы да биік болмаса керек.

– Қалай? – деді майор сенімсіз түрмен».

Әр іске осындай қырағылықпен келетін Талғаттың алтын мен қойманың арасынан ілік іздеуі – өз ісінің шебері екенін көрсететін деталь. Қ.Сәрсекеев «Текті кісі» мақаласында: «К.Тоқаев шығармаларының жанрлық ерекшелігін сөз еткенде, осы жерде айта кететін бір жайт, заң орындарындағы интеллигенция өмірінен, милиция қызметкерлерінің тұрмысынан жазылған проза қазақ әдебиетінің жетпісінші жылдардағы елеулі жаңалығы», – деген болатын. Бұл повесте де заң орындарындағы интеллигенция мен милиция қызметкерлерінің өмірінен хабардар боламыз.

Оқиғаға қатысатын кейіпкердің бірі – аурухананың бас директоры Цой. Ауданға белгілі дәрігердің жеке өмірі, жұмысы бұған дейін күмән туғызбағандықтан, оның жеке істерімен ешкім таныс емес. Рахымның өкпесіне шеге тығу, тырнақтарын көбесінен жұлып алу дәрігердің ғана қолынан келетінін түсінген Талғат бас дәрігердің жұмысымен жақынырақ танысуды көздейді. Тексеру барысында ауруханадағы барлық күрделі операцияларды Айша Сейітқұлова және басқа дәрігерлер жасағанын, Цой

соңғы бір жылдың ішінде төртінші кластың оқушысына операция жасап, оның өзі сәтсіз шыққанын, бас дәрігердің төрттен кейін жұмыста болмайтынын анықтайды. Цойдың Рахым жараланған күні «Сағат бес жарымға» дейін операция жасалды деп, журналдағы цифрды өзгерткені күмән туғызады. Сарапшылар Рахымның жаралануы сағат бес пен алтының арасы деген болатын, бір сағаттың ішінде Сарғабанға көлікпен еркін барып қайтуға болады.

Рахымды қастандықпен өлтіргеннің бірі – жалғыз аяқты шолақ кісі екенін оның ізінен білген капитан жас шамасы мен салмағын да ізге қарап болжаған. Аудандағы мүгедектердің тізімін алып қарағанда олардың ішінде капитан ойлағандай күпшек ағаш аяқты адам болмай шығады. С. қаласынан тапсырмамен келе жатып поездда Самсоновты көргенде: «Соғыстың біткеніне талай жылдар өтті. Мүгедектердің протезге үйренгені сонша, кейде аяғы жоқтығын аңғармай қаласың. Әуелде ол қолдан жасалған күпшек ағаш аяқпен жүрген бе» деп ойлауы – оның қырағылығын байқатады. Қылмысты жасағандардың бірі – күпшек ағаш аяқты болғанмен, оның ағаш аяғын сол күні Цой отқа жағып, айғақтың көзін жойған болатын. Қалаға келіп іздестіргенде ондай кісінің жолдағы бір станциядан түсіп қалғанын, келесі күні «Қызылжар» колхозына сондай бір адамның келгенін естиді де қалай да Цоймен хабарласатынын біліп оның ізіне түседі. Самсоновтың бүкіл құжаты зерттеле келе оның майданнан қашқандығы, Никольский шіркеуіне келген адамдардың арасына Советке қарсы листовка таратқаны, төртінші кластың оқушысы Наташаға телеграмманың текстін жаздырып алғаннан кейін, укол салып өлтіргені анықталады.

Бестөбеде алтынмен сауда жасайтын қылмыстылар тобының бірі – дәрігер екеніне күмәнданған Талғат алдымен бас дәрігер Цойдан күдіктенгенде полковник ауданға қадірлі кісіге шық жуытпауға тырысқан. Бірінші басшыға еркін қоңырау соғатын бас дәрігер қандай жағдайда да алдын ала қам жасайтын сақ кісі екендігін оның жауаптары растайды. Аудандағы екі дәрігердің бірі – тіс дәрігері Олег. Чемодандағы алтын табылған соң, олар бұл іске кімнің қатысы барын анықтау үшін тіс дәрігері Олег Майснердің соңына түседі. Күдіктілердің қатарына іліккен Олег кейін өзіне алтын өткізгісі келген Мирзоевты ұстауға көмектеседі.

Олег пен Цойды қатар аңдып жүріп, демалыста тіс дәрігерінің өз ауласынан ұзап ешқайда шықпайтыны, бас дәрігер өзен жаққа жиі барып, ізін білдірмес үшін қасына Гүлжанды ертіп алатыны анықталады.

Өзен жағасына жасырған алтынды табу жолында Талғат пен Нұржан аз еңбектенген жоқ. Сарғабаның сазындағы қылмыс болған жерге барғыштап жүретін Цой қанша ізін жарғысы келгенмен, қылмыс болған жерге жиі баруымен өзін-өзі ұстап береді.

Негізгі кейіпкердің бірі – аурухананың дәрігері Айда Глухова. Ол – Рахымды жедел жәрдем алып келгенде, оның соңғы сөзін естіген бірден бір куәгер болғандықтан, бас дәрігер одан құтылудың жолын оңай ойлап табады. Аурухананың қоймасына ұрлыққа түсті деген сылтаумен жұмыстан шығару

үшін ұрланған заттарды оның кілетіне тығып тастайды. Жазушы адалдық пен әділдік, батылдық пен тапқырлыққа қарама қарсы қорқаулық пен қанішерлік, қанағатсыздық пен тоғышарлықты параллел суреттеу арқылы әділдіктің жеңетініне оқырманын сендірген. Шынайы өмірден алынған оқиғалар нанымды бейнеленгендіктен, шытырман оқиғаға құрылған шығармаларды бас көтермей оқуға болады. Оқырманын келесі оқиғамен ынтқтырып отыратын жазушы кейіпкерлері қылмыскерді тапқанша тыным таппайсың.

Ал «Көшкен үйдің қонысы қайда?» повесінде қылмысты топтың қанішерлігіне кездесеміз. Повеске Ұлы отан соғысы жылдарындағы тыл өміріндегі қарақшылық негіз болған. Оқиға қазақ жерінде өткенмен, оған қатысушылардың біразы Ресей азаматтары. Жазушы оқиғаны бірнеше тарауға бөліп, әр тарауда бір оқиғаны баяндап отырады. «Сырын білмегеннің сыртынан жүрме» деп аталатын тарауда Ресей жерінен Қазақстанға табан тіреген жандардың тағдырына тап боламыз. «Вокзал басында екі адам қалды. Біреуі – қызыл күрең барқыт түстес тон киген, шоңқайма етігі бар егде әйел. Екіншісі – жас қыз. Қынама бел, кең етекті бастон пальтодан бойшаң, талдырмаш көрінеді» деп басталатын шығармада автор осы екі кейіпкерге назар аударады. Ұры-қарысы көп вокзал басында сарыала қалың былғарымен тысталған чемодандарын ұмытып, көз ұшында ирелендеп бара жатқан жолаушы поезына қарап тұрған жандардың бейтаныс жерге келгендері алаңсыз тұрыстарынан байқалады. Бұларды сырттай бақылап тұрған жүргізуші екеуін қонақ үйге алып барғанмен, ол жерде орын болмай ұзақ жақтан келе жатқан әскери адамның отбасын екі беті табақтай бүкір арбакеш қамқорлық танытып өз үйіне қонып шығуға алып барады. Ұзақ жолдан шаршап келген әйел таныстық үшін біраз сілтеп, масайрап барып төсекке құлайды. Арбакеш қызы екеуіне түкпірдегі бөлмені босатып бергенмен, түн ортасында терезеден кірген құбыжық бар дүниелерін алып, өздерін бауыздап кетеді. Әйгіленбеген бұл оқиғадан соң жыл өткен соң майданнан келген бір полковниктің Әулиеатаға қоныс аударған отбасының тағдырын біліп беруді сұраған алғашқы хатына «Мұнда тұрмайды» деп жауап берілгенмен, екінші рет осы мәтінде майданнан келген хат Кузьменкоға күдік туғызады. Ізім-қайым жоғалған анасы мен қызының тағдырына алаңдаған оның: «Столетов көбіне вокзал маңында жүрсе, мүмкін, бұдан бір жыл бұрын мол мүлікпен қоныс аударған Сергиенконың семьясы алғаш Столетовқа кезіккен шығар. Қонақүйде орын болмай, оның үйінде аялдауы ықтимал. Әрине, соғыс зардабын татып, бар жұртты бауырмал санаған сенгіш әйел жуас, момақан көрінген Столетовтың қиянат пиғылын аңдамаған», – деп ойлап, күдікті Столетовты өз тізіміне алады.

Оқиғаға қатысатын негізгі кейіпкердің бірі – лейтенант Петр Петрович Кузьменко. Лейтенант Меркі ауданындағы Сельмагтың 2 000 000 тұратын затын тонап кеткен ұрыларды ұстау тапсырмасымен базарда сатылып жатқан заттарды бақылауға барады. Қарулы банданың ізіне түскен ол ұрлық жасағандардың бес адам, олардың біреуі – әйел, біреуі – өзбек саудагер және екі жас жігіт екенінен хабардар. Енді сол ұйымдасқан топты көптің ішінен табу

да, оларды айғақпен ұстау да оңай шаруа емес. Бұл іздеп жүрген заттардың Қордай асып қырғыз еліне, болмаса өзбек жеріне өтіп кетуі де ықтимал.

Ұрланған заттарды іздеп жүргенде, қылмыстың қатарына бүкір арбакештің айуандықпен өлтірілуі қосылады. Үміт артқан экспертиза қорытындысы маңызды ешнәрсе бермеді. Арбакеш ең алдымен дәл қарақұсынан қатты соққы алған. Сонан кейін қарнын жарып, көзін ойса керек. Өлер алдында қатты қиналған. Кім өлтірді, кім қинады? Бұл қылмысты ашу да оңай шаруа емес.

Оқиғаға қатысатын орталық кейіпкердің бірі – із кесуші Сейілбек. Майданда барлаушы болған Сейілбек Жанғабыловты облыстық милиция бөлімінің қылмыстыларды іздеу бөліміне қызметке жібереді. Алғашында милицияға қызметке барғысы келмегенмен, уақыт өте барлаушы болған ол із кесуші болмаса, оны кім істейді деген ой мазалап қайта барады. Ол мотоциклімен жолаушылар тасып жүріп алыпсатар Абдуллаходжаевпен танысқан болатын. Милиция формасын кимей жүргендіктен, оның мұнда қызмет істейтінін көп адам біле бермейді. Абдуллаходжаевтың Ташкенттегі баласына енші алып бару үшін Сейілбек Жанғабыловқа жалынып, Шу станциясына жеткізуді сұрап жүргені де содан.

Бұл кезде ел ішінде «Қобызшы шал», «Қаңғырған қайыршы шал», «Қара мысық», «Қара маска», «Қыли барон» туралы әңгімелер ауыздан-ауызға тарап, елдің тынышы кеткен. Бүкір арбакештің жол үстінде қарны ақтарылып жатқанын естігендер түнде жүрмейтін, жан баласына күдіктене қарайтын күйге жеткен. Ұйымдасқан бандалардың қолымен жасалған қылмыс бір қала емес, аудан көлемінде өршіп тұрғанын Кучмеев, Горелькина, Невежина сынды азаматтардың паспорттарын жоғалтқанынан да көруге болады. Біреудің атымен қылмыс жасаудың бір түрі – өмірден өткен арбакеш Калмыковтың атынан Ташкентке бірнеше рет телеграмма жіберу.

«Қобызшы шал» атанып елді шулатып, қалаға келгенде «Қыли баронның» алғаш тапқаны – Столетов. Алғашында пәтерші болып жүріп, келе-келе екеуі сыбайлас болып шыға келді. «Қыли барон» уақ мүлікті ұрлауды кәсіп етіп көрмегенмен, өзін қара күштің иесі санайтын. Лагерде, шахта астында жұмыс істеп жүргенде он адамның жабылып көтере алмаған шойын блогін бір өзі сырғытып, тіреу етіп қоятын» деген сипаттамадан оның болмысын тануға болады.

Қаруланған бандыларды ұстау із кесушілерге оңай болған жоқ. Күн демей, түн демей жүріп ешқандай айғақ қалмаған қылмыстарды ашу – екінің бірінің қолынан келетін шаруа емес. Оған майданда барлаушы болған Сейілбек сынды сарабдал жан керек. Абдуллаходжаевтың сеніміне кірген Сейілбек оны ұрланған заттарымен Шу станциясына жеткізіп салады. Станцияда қаруланған сыбайластары жүруі мүмкін деп күдіктенген аудандық ішкі істер қызметкерлері алыпсатарды «сізге қалалық атқару комитеті берген командировка қағазы дұрыс жазылмаған. Егер балаңыздың сонда оқитыны рас болса, келесі поезбен жібереміз» деп келесі разъезден түсіріп алады.

Столетовтың қызы Марияның әкесі туралы жазған хаты қылмыстың ашылуын тездетеді. «Қара маска», «Қара мысық» аталған жанның Столетовпен сыбайлас екендігін айғақтайтын суреттер мен оның арбакеш Калмыковтың атынан жіберіп отырған телеграммалары айғақ ретінде тартылады. Столетовтың жертелесінде тығылып жатқан «Қыли баронды» қоршау бригадасы жабылып ұстаса, бір жыл бұрын Альфердті қашыру үшін жолда авария жасаға Столетовты ұстамақ болғанда, ол жағасындағы уды ішіп жан тапсырды, Ташкенттен келе жатқан Сусякованы жолда бір станциядан түсіріп алады. Ол – майданнан қашқандардың бірі, документін өлген құрбысының қалтасына салып, өзі соның құжатымен қашып жүрген Сычева болып шығады. Осылайша бес адамнан тұратын қылмыс тобын құрықтаған соң Петр Петрович Кузменко босанып жатқан жары Дуся мен баласына көңіл бөлді. Осының өзінен милиция қызметкерлерінің өзіне тапсырылған қылмыс ашылғанша отбасына да, өзіне де көңіл аударуға уақыты болмайтындығы аңғарылады.

Шығарманың соңында қылмысты топты ұстауда тәжірибе жинақтаған әккі із кесушілер – Петр Петрович Кузменко мен Сейілбек Жанғабылов екі ай бұрын Богодуховка аралында аң аулауға кеткен қарулы үш аңшы – он жеті жасар ұлымен кеткен Барабанов және май заводының жұмысшысы Әлиакпаровты іздеуге Көктерекке жүріп кетеді. Осы арқылы жазушы милиция қызметкерлерінің тынымсыз тіршілігін, бандылармен алысқан ұйқысыз түндерінен хабар берген.

Жазушы повестерінің оқиғаларына қатысушы кейіпкерлердің бірсыпырасы – соғыстың қан майданын кешіп келген ардагерлер. «Сарғабанда болған оқиға» повесіндегі «Соғыста өз басымнан кешкен тәжірибем бар: жаралы адам бір сәт есін жиғанда ол сандырақтамайды, есі түзу болады. Алғаш Рахымның сөзіне ден қойғаным содан еді. Тек ұзақ ауырған, қызуы жоғары адам ғана есін білмей сандырақтайды», – дейтін капитан Талғаттың қылмысты ашуына марқұмның соңғы сөзі себеп болғанына қарап отырып, оның өмірлік тәжірибесін байқаймыз.

Аталған повестегі осындай кейіпкердің бірі – бір аяғын майданға беріп келген Рысбек. Көп ішіп жүретін Рысбектің Рахымның тойында дау шығарғаны болмаса, ертеңіне өзі іздеп барып кешірім сұрағанмен, күдікті ретінде ұсталып, қылмысты ашуға кедергі жасамас үшін оны Томскіге ағаш кесуге жібереді. Аңқау Рысбектің поезда келе жатып майданға бір аяғын берген майдангермен сырласып отырғанында, қасында өз інісін өлтірген қанішердің келе жатқанын білмеуі өкінішті.

«Көшкен үйдің қонысы қайда?» повесіндегі майданнан мүгедек болып келген кейіпкердің бірі – соғысқа берген аяғын міндетсініп, Кузьменкоға берілген пәтерге кіріп алған Кирилл. Ол басқа ардагерлерге қарағанда бәлеқор, қит етсе шағымданып жоғарыға хат жазамын деп қоқан-лоққы жасап отырады. Кезектен тыс пәтерге баса-көктеп кіріп алуы – осы арызқойлығынан.

Повесть кейіпкерлерінің бірсыпырасы – майданнан қашқан қашқындар. Отанды жаудан қорғамай майданнан қашқандардың жазасы – өлім екенін

билетін олардың көпшілігі кейінгі өмірін қылмыспен ұштастырған. «Сарғабанда болған оқиға» повесіндегі Самсонов Борис Натанович – соғысқа бара жатып жау әскері талқандаған эшолонда қайтыс болған әскердің қалтасына өз құжатын салып, орман ішіне қашып, үсік шалып жатқан жерінен елдің көмегімен аман қалған Майснер Борис Адольфович. Елге келген соң мүгедек әскердің соңына ешкім түспеген соң, біреудің атымен қылмысқа белшесінен батып жүрген жан болса, осындай кейіпкердің бірі – «Көшкен үйдің қонысы қайда?» повесіндегі Суслыкова. Оны жазушы оқырманға былай таныстырады: «Өз документін өлген құрбысының қалтасына тастап, оның документімен майданнан қашқан – санитарка Сычева. О баста болжам дұрыс жасалмай, Сычеваны іздемей, өлген санитарканың портретімен куған. Сычеваның ұсталмай, еркіндікте жүруінің мәнісі – осы». Көріп отырғанымыздай, өзгенің құжатымен жанын саудалаған жанкештілер үшін қылмыс жасаудың ешқандай қиыншылығы жоқ.

«Таудағы жаңғырық» повесінің оқиғасы тойға бара жатқан екеудің жолда адам қағып, шала жансар жігітті жол бойынан шалғай өзенге лақтырып тастағанынан басталады. «Зуылдаған машина тақап қалғанда, Тілек жолдың ортасына жүгіріп шықты. Сол сәтте кеудеден ұрған қатты соққыдан ұшып түсті. Анадай жерде бүрісіп, бір тұтам болды да қалды. Есін жиған кезде, әйтеуір, бір түсініксіз ызың құлағына талып естілді. Әлдебіреулер сүйреп бара ма, қалай?..» – деген жолдан кейіпкердің бойында жаны бар екенін байқаймыз. Бұл – жолдастарына барып келем деп, Николаевка селосындағы сүйген қызына кеткен, анам күтіп қалар деп кешкі сағат он шамасында үйге қайтып, жол апатына ұшыраған жігіт еді. Бұл шығармаға бейбіт өмірдегі жол апатынан болған адам қазасын анықтау негіз болған. Мұнда да ешқандай айғақ, куәгер жоқ.

Анасы әпкесіне кетті деп отырғанда, қызы келіп інісін сұрайды. Солай бір ауыл жоғалған жігітті іздеп милицияға шағымданады. Алғашында полковник Василий Ефсеевич Шелковников «Тілек Алматыдағы ағайындарында қонақтап жүрген шығар. Ересек бала қайда кетеді?» – деп ойласа, полковник Ердаулетов іздеу керек дейді. Аудандық ішкі істер бөлімін подполковник Ысқақ Қайназаров басқарып отырғанда ауыр қылмыс жасалмаған болатын. Бұл іс Василий Ефсеевичке тапсырылғандықтан, ол ауданға барарда іспен мұқият танысады.

Күдікті ретінде ұсталған Трухин Тілекпен шөмеле түбінде бірге арақ ішкенмен, тексере келе қылмыс жасамаған болып шығады. Ердаулетов жолдың жағасында шынының үгіндісі жатқан шұңқырға үңіліп, бұл жерде жол апаты болғанын, машинаның «Москвич» екенін байқайды. Аудандағы «Москвич» машиналарын тексеру кезінде алдыңғы терезесін ауыстырған көлік анықталады.

Күдікті ретінде шақырылған финанс бөлімінің шофері Виктор Наданбаевич Жалакин тергеуден шыққан бойда Александр Банковқа барып жолығады. Оның туған қарындасын Жалакин алып отырғандықтан олардың бірге жүргені күдік туғызбағанмен, экспертиза әйнектің жаңадан салынғанын

растап отыр. Тергеу барысында қылмысты Виктор мойындамағанмен, Банков бар шындықты айтып қояды. Себебі оның: «Қалай кеш батса, таудан шыққан сол жаңғырық құлағыма келеді. Түні бойы ұйықтай алмай шығам. Тергеуге, жауап алуға шақырса екен деп тілеймін. Сіз шақырғанда сөзге алданып, аздап тыныс алғандай болам, ауыр ойдан арылам», – деген сөзінен адамды алдағанмен, ар сотынан құтыла алмайтыны байқалады.

Шығарманың соңында милиция жұмысының тағы бір қиындығы қылмысты ашумен бірге, бұлтартпайтын айғақты дәлел табу керектігін түсінеміз. Тілектің денесін іздеуге Талды өзенінің табанын сүзіп шығу үшін Алматыдан әдейі сүнгігіштер шақырылды. Өзеннен сүнгігіштер әр жолы алып шыққан тот басқан мылтық, жүзі қайырылған қылыш, шалшыққа көмілген пулемет – 1920 жылдары атаман Анненков пен генерал Дутов Жетісу жерінен қашқан кезде қалған қанды күндердің ескерткіші еді.

Мүрдені ұзақ іздеген мамандар ақылдаса келіп, салмағы кісі денесіне шамалас затты суға тастағанда, екі шақырымдай жерге барып батып кетеді. «Сүнгігіштер сол жерге түскен кезде иірім түбінде жердің жарықшақ қуысында бүгіліп, бүрісіп қалған кісінің денесін тапты. Тілектің денесін жағаға алып шыққанда, Банков бетін басып жылап жіберді.

– Қандай қатыгез сорлы едік. Құрыдым ғой енді!

Шелковников естірте қысқа жауап қатты:

– Арақ түбі – азап!» [3, 253].

Жол апатына ұшыраған Тілек, Жалакин, Банковтардың араққа тойып алғанына қарап отырып, соғыстан кейін ел есін жиған соң, үлкен-кіші азаматтарымыздың араққа салынғаны байқалады. Сүйген қызынан келе жатқан Тілек көңілі толып, қуанышын арақпен бөліссе, қылмыс жасаған екеу – тойдан қайтқандар. «Арақ түбі – азап» деп кейіпкер айтқандай, осы ащы су қанша қазақтың басына қасірет алып келді.

Жоғарыда сөз болған шығармаларға Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ жеріндегі қанды қылмыстар мен бейбіт өмірдегі жол апатынан болған адам өлімі негіз болған. Әдебиеттанушы ғалымдар детектив жанрында зұлымдық әлеміндегі қым-қиғаш оқиғалардың шытырман болып берілетіндігіне назар аударады. Жанрдың осы ерекшелігі жазушының сөз болған повестерінен анық көрінеді. Детективті шығармалардың жанрына тән шығарманың құрылысы сақталатын болса, оған осы повестер мысал. Қылмысқа құрылған шытырман оқиғалар өткір сюжетке құрылатындықтан, шығарманың шешімі оның әшкереленуімен аяқталады десек, оқиғалардың барлығында қылмыскерлердің ісі нақты айғақтармен ашылған. Милиция қызметкерлері жұмысының ауырлығы бұлтартпайтын айғақтар табу екендігін, қылмыс ашылғанмен нақты айғақ болмаса іс жабылмайтындығын жазушы шынайы бейнелеген. Детективті шығармалардың басты кейіпкерлері – із кесуші, заң қызметкерлері, тыңшы, барлаушылар, милиция қызметкерлері болу керек болса, жоғарыда сөз болған повестердегі қылмысты ашатындар – майор Әлихан Ділдәбеков, капитан Талғат Майлыбаев, із кесушілер лейтенанттар – Петр Петрович Кузменко мен Сейілбек Жанғабылов,

полковник Шелковников. Осыған қарап жазушының қазақ әдебиетіндегі детектив жанрының негізін қалағанын баса айтуға болады.

Мұзафар Әлімбаевтың «Кемел тұлға» естелігіндегі көреген жазушы К.Тоқаевтың «Әлеумет бізді жоғалтқанымен, әдебиет бізді жоғалтпаса керек» деген сөзі расқа айналып, оның шығармаларын іздеушілер қатары күн санап өсіп келеді. Әлемнің бірнеше тілдеріне аударылған шығармалары шынайылығымен, шытырман оқиғаларымен оқырманын баурайды. Осыдан жиырма жыл бұрын мектепте бірге оқыған досы А.Байтанаев: «Кемел жайлы айтылар әңгіме әлі алда. Кемел өмірі ашылмаған қазына, мол дүние ғой», – деген болатын. Шын мәнісінде, жазушының мол дүниесі күні бүгінге дейін ғылыми айналымға түспеді. Әдебиеттанушы ғалымдардың мақалаларында жекелеген шығармаларына талдау жасалса, естелік-эсселерде өмір жолына шолу жасалып, қаламгердің «Кемел кісі» екені нақты мысалдармен айшықталды. Қазіргі таңда республиканың он төрт облыс орталығында және Алматы, Астана, Шымкент қалаларындағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын Абай желілі мектептерінде К.Тоқаевтың «Түнде атылған оқ» повесінің оқытылуы қуантады. Соғыс ардагерінің бізге беймәлім өмірбаяны ұлы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әке туралы толғаныс» естелік-эссесінде жан-жақты баяндалды. Ол әке туралы ойын: «Менің жадымда әкем үлкен әріппен жазылатын Адам, елін сүйген Патриот және нағыз Азамат болып мәңгі өмір сүреді», – деп түйіндеген болатын [1, 172]. Осы пікірге сүйенетін болсақ, қазақ жазушыларының ішіндегі оқырманы ең көп майдангер қаламгердің қаламынан туған туындыларын егемен елдің жасөспірім ұландарын патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында жалпы білім беретін мектеп бағдарламасына енгізу қажет. Себебі, «Көмескі із», «Солдат қабыры басында» әңгімелеріне Ұлы отан соғысы жылдарындағы шытырман оқиғалар негіз болса, жасөспірімдерге арналған «Қуаныш», «Жұлдызды жорық», «Нұрлы жол», «Ауыл қызы», «Аржақтан келген бала», «Күнделік», «Әр уақытта өзіңмен біргемін» әңгімелерінің негізгі кейіпкерлері – мектеп оқушылар.

«Аржақтан келген бала» әңгімесінде 1943 жылы оңтүстік майданда Седойдың танк полкінен анасын іздеп жүрген Саша Давыдовпен кездесек, «Көмескі із» әңгімесінде кіші Малярдың денесіне жасырған картаны алып алдыңғы линиядан өтпек болғанда ұсталған Лейдің сатқындығына жолығамыз. Ол «4.П.42» деген санды Сталинград түбінде қанжар сыйлаған күн деп жасырғанмен, тексеру барысында 4242 арғы бетке өтетін пароль екені анықталады. Белованы өлтіріп, соның құжатымен жүрген Лейдің екі адамның қанын жүктеп, қылмыс үстінде ұсталуынан соғыс жүріп жатқанда да осындай қылмыстардың болғанын көрсек, Малярдың қолында қалған екі тал шаш арқылы қылмысты ашқан тергеушінің өз ісіне деген шеберлігі байқалады.

Қорыта айтқанда, Кемел Тоқаевтың ұлттық әдебиетте детектив жанрының негізін салушы ғана емес, осы жанрдың мектебін қалыптастырушы екенін қазіргі әдеби процеске белсене араласып жүрген Табылды Кенжетаев, Шәкен Күмісбайұлы, Болат Бодаубай, Шойбек Орынбай, Базарбай Исаев, Сабыр Ұзақбаев, Алпамыс Бектұрғанов, Ербол Бейілхан, Қанат Әбілқайыр,

Бақытбек Қадыр, Есбол Нұрахмет сынды ізбасар жазушыларының шығармалары растайды. 2022 жылғы «Айбоз» ұлттық әдеби байқауында «Үздік балалар әдебиеті» номинациясы бойынша Бекен Ыбырайымның «Іздер құпиясы» детективті романы жүлдегер атануы – осының мысалы. Әдебиеттанушы ғалым Қ.Ергөбек Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына арналған «Қазақ детектив жанрының дарабозы» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияда жасаған «Жанрын тапқан жазушы» баяндамасында детективті шығармалар байқауының жеңімпаздарының шығармалары жинақталған «Қазақстан детективтерінің жинағы» деген екі томдықты тілге тиек етіп төмендегі авторлардың шығармаларын атайды. Олар Дихан Баймағамбетовтің «Строгий режим», Мұхтар Анарбекұлының «Шымкенттегі шырғалаң», Алпысбай Хонждың «Екеудің көлеңкесі», Бекболат Сарбасовтың «Мажор», Екетарина Паевскаяның «Адьютант», Ернұр Әзімбаевтың «Чикаго», Жадыра Шамұратованың «Болмай қалған той» және басқалар. Детектив жанрында жазып жүрген қаламгерлерді әдебиеттанушы ғалым Б.Жақып былай жалғастырады: «Қазақстанның түкпір-түкпірінде Кемел ағаның ізбасарлары бар екен. Олар: ақтөбелік Зияш Телеуова, астаналық жас талант Абай Аймағамбетов, Алматыда тұратын Заря Жұманова, Нұрлыбек Саматұлы, Бақытжан Қанапиянов, Ғабдол-Сәбит Юсупов, Самал Зікірия, Шаяхмет Алжанбай, Құрманхан Нұрымбетов, Бекен Нұрахмет, Елеусіз Мұратов». Аты аталған қаламгерлердің ішінде Абай Аймағамбетов К.Тоқаевтың 100 жылдығы қарсаңында детектив жанры бойынша жарияланған республикалық бәйгенің бас жүлдегері атанды. ХХІ ғасырда жазылып жатқан детективті әңгіме, повест, романдар – ұлттық әдебиетте Кемел Тоқаев салған сара жолдың бүгінгі таңдағы жалғасы.

Әдебиеттер:

1. Кемел Тоқаев: өмірі мен тағдыры. – Алматы: «Парасат» журналы, 2023. – 432 б.
2. Тоқаев К. Шығармалары: (роман және повестер). Т.1. – Алматы: «Ана тілі» ЖШС баспасы, 2017. – 384 б.
3. Тоқаев К. Шығармалары: (повестер мен әңгімелер).Т. 4. – Алматы: «Ана тілі» ЖШС баспасы, 2018. – 384 б.
4. Жақып Б. Кемел Тоқаев – журналист, ресми аудармашы, қазақ детектив жанрының негізін салушы // Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына арналған «Қазақ детектив жанрының дарабозы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2023. – 161 б.